

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігі

2021 жылғы « 9 » 04
№ 280
Нұр-Сұлтан қаласы



Қазақстан Республикасының
Бас прокуратурасы

2021 жылғы « ___ » _____
№ _____
Нұр-Сұлтан қаласы

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі

2021 жылғы « 12 » 04
№ 210
Нұр-Сұлтан қаласы

БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҚ

Электрондық форматта адвокатты қорғаушы ретінде тағайындау, мемлекет кепілдік берген заң көмегін есептеу және төлеу процестерін автоматтандыру жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру туралы

Сотқа дейінгі тергеу сатысында қылмыстық процесті жүргізетін органдардың адвокатты қорғаушы ретінде тағайындау, «Заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесі» ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – «Е - Заң көмегі» АЖ) арқылы мемлекет кепілдік берген заң көмегін (бұдан әрі – МКЗК) есептеу және төлеу процестерін автоматтандыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫЗ**:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі (бұдан әрі – Әдмин), Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитеті (бұдан әрі – Комитет), Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі – ІІМ), «Ұлттық ақпараттық технологиялар» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «ҰАТ» АҚ, пилоттық жобаның үйлестірушісі):

1) осы бірлескен бұйрыққа 1 – қосымшаға сәйкес сотқа дейінгі тергеу сатысында қылмыстық процесті жүргізетін органдардың адвокатты қорғаушы ретінде тағайындау, облыстардың, республикалық маңызы бар қалаларының, көліктегі полиция департаменттері мен олардың аумақтық бөлімшелерінің және оларға теңестірілген Ішкі істер органдарының, сондай-ақ өңірлік адвокаттар алқасының (бұдан әрі – пилоттық жобаға қатысушылары) базасында 2021 жылғы 19 сәуір - 31 желтоқсан аралығында МКЗК-ны электрондық форматта есептеу және төлеу процестерін автоматтандыру жөніндегі пилоттық жобаны (бұдан әрі – пилоттық жоба) іске асыруды қамтамасыз етсін;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2 қосымшаға сәйкес жұмыс тобының құрамы бекітілсін;

3) өңірлік деңгейде құрамында аумақтық мемлекеттік, құқық қорғау органдарының және «ҰАТ» АҚ бірінші басшылары/орынбасарлары бар жұмыс топтары құрылсын;

4) өңірлерде пилоттық жобаны жүргізуге жауапты қызметкерлер бекітілсін. Жауапты тұлғалар өзгергенде пилоттық жобаның үйлестіруші жазбаша хабардар естін;

5) «Сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізілімі» (бұдан әрі - СДТБТ) және «Е - Заң көмегі» (бұдан әрі – «Е-Заң көмегі» АЖ) ақпараттық жүйелерінің, қатысушылар арасындағы байланыс арналарының үздіксіз жұмыс істеуін, сондай-ақ пилоттық жобаны іске асыру кезінде анықталған олардың жұмыс істеу кемшіліктерін жоюды қамтамасыз етсін.

2. Аумақтық әділет органдары облыстардың, республикалық маңызы бар қалаларының адвокаттар алқаларымен бірлесіп, «Е – Заң көмегі» АЖ-да кезекшіліктің электрондық кестесін жүргізудің уақтылығы мен өзектілігін қамтамасыз етсін.

3. Пилоттық жобаны іске асыру барысында пилоттық жобаға қатысушылар мыналарды:

1) СДТБТ және «Е - Заң көмегі» АЖ функционалдары арқылы сотқа дейінгі сатыда электрондық қылмыстық сот ісін жүргізуді енгізу кезінде адвокаттарды МКЗК шеңберінде тағайындауды, сондай-ақ МКЗК есептеу және төлеу үшін электрондық құжаттарды қалыптастыру процесін;

2) СДТБТ және «Е-заң көмегі» АЖ үздіксіз ақпараттық өзара іс-қимылын;

3) қолданыстағы құқықтық актілерге сәйкес ақпараттық қауіпсіздік пен құпиялылықтың талаптарын сақтауды;

4) пилоттық жобаның үйлестірушісіне және Әдмин-ге ұсыныстар мен ескертулерді ай сайын 25-іне қарай жолдауды;

5) Комитеттің келісімі бойынша осы бірлескен бұйрықтың 3-тармағының 4) тармақшасы шеңберінде пилоттық жобаның үйлестірушісі қараған ұсыныстар мен ескертулерге сәйкес функционалдарды жетілдіруді қамтамасыз етсін.

4. Комитет Әдмин-мен бірлесіп 2021 жылғы 19 сәуірге дейін пилоттық жобаны іске асыру барысында оларға практикалық және әдіснамалық көмек көрсетумен пилоттық жобаға қатысушыларды (прокуратура, Ішкі істер органдарын) оқытуды жүргізуді ұйымдастырсын.

5. «ҰАТ» АҚ Әдмин-мен бірлесіп:

1) МКЗК көрсететін адвокаттарды «Е-Заң көмегі» АЖ-ға автоматты түрде қосуды;

2) 2021 жылғы 19 сәуірге дейін «Е-Заң көмегі» АЖ-да адвокаттар үшін оларды қорғаушы ретінде электрондық форматта тағайындау бойынша оқыту жүргізуді;

3) «Е-Заң көмегі» АЖ арқылы адвокаттардан келіп түсетін МКЗК төлеу туралы өтінішті есептеу және төлеу бойынша жұмысты қамтамасыз етсін.

6. Пилоттық жобаға қатысушылар осы бірлескен бұйрықты өздерінің аумақтық бөлімшелеріне орындау үшін жолдауды қамтамасыз етсін.

7. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау Әдмин-нің Тіркеу қызметі және заң қызметін ұйымдастыру департаментінің басшысына, аталған мәселеге жетекшілік ететін Комитет Төрағасының орынбасарына, ІІМ Ақпараттандыру және байланыс департаментінің және Тергеу департаментінің басшыларына, «ҰАТ» АҚ Төрағасының орынбасарына жүктелсін.

8. Осы бірлескен бұйрық соңғы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Әділет министрі


_____ М. Бекетаев



Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры


_____ Ф. Нұрдәулетов

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі


_____ Е. Тұрғымбаев



КЕЛІСІЛДІ:

«Ұлттық ақпараттық технологиялар»
акционерлік қоғамы
Басқарма төрағасының міндетін
атқарушы


_____ Х. Гаппаров



Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2021 жылғы « 9 » 04
№ 280

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2021 жылғы « »
№

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2021 жылғы « 12 » 04
№ 210

бірлескен бұйрығына
1-қосымша

Пилоттық жобаға қатысушылардың тізбесі

№	Атауы
Нұр-Сұлтан қаласы	
1	Нұр-Сұлтан қаласының Полиция департаменті
	Көліктегі Полиция департаменті
	Сарыарқа, Алматы, Байқоңыр, Есіл аудандарының полиция басқармалары
	Нұр-Сұлтан станциясындағы желілік полиция басқармасы
	Нұр-Сұлтан қаласының әуежайындағы Желілік полиция бөлімі
	Нұр-Сұлтан қаласының Адвокаттар алқасы
	Нұр-Сұлтан қаласының Әділет департаменті
Жамбыл облысы	
2	Жамбыл облысының Полиция департаменті
	Тараз қаласының Полиция басқармасы, Байзақ, Жамбыл, Жуалы, Қордай, Меркі, Мойынқұм, Сарысу, Талас, Шу аудандарының және Тұрар Рысқұлов ауданының ішкі істер бөлімдері
	Тараз станциясындағы желілік полиция бөлімі
	Шу станциясындағы желілік полиция бөлімі
	Луговая станциясындағы желілік полиция бөлімі
	Жамбыл облыстық адвокаттар алқасы
Жамбыл облысының Әділет департаменті	
Маңғыстау облысы	
3	Маңғыстау облысының Полиция департаменті
	Ақтау, Жаңаөзен қалаларының Полиция басқармалары, Бейнеу, Қарақия, Маңғыстау, Мұнайлы, Түпқараған аудандарының Ішкі істер бөлімдері
	Маңғыстау станциясындағы желілік полиция бөлімі
	Маңғыстау облыстық адвокаттар алқасы
	Маңғыстау облысының Әділет департаменті
Алматы қаласы	
4	Алматы қаласының Полиция департаменті

	Алатау, Алмалы, Әуезов, Бостандық, Жетісу, Медеу, Наурызбай, Түрксіб аудандарының полиция басқармалары
	Алматы-1 станциясындағы желілік полиция басқармасы
	Алматы қаласының әуежайындағы Желілік полиция бөлімі
	Алматы қалалық адвокаттар алқасы
	Алматы қаласының Әділет департаменті
Шымкент қаласы	
5	Шымкент қаласының Полиция департаменті
	Абай, Әл-Фараби, Еңбекші, Қаратау аудандарының Полиция басқармалары
	Шымкент станциясындағы желілік полиция бөлімі
	Шымкент қаласының Адвокаттар алқасы
	Шымкент қаласының Әділет департаменті
Ақмола облысы	
6	Ақмола облысының Полиция департаменті
	Көкшетау, Степногорск қалаларының Полиция басқармалары, Ақкөл, Аршалы, Астрахан, Атбасар, Бұланды, Егіндікөл, Ерейментау, Есіл, Жақсы, Жарқайың, Зеренді, Қорғалжын, Біржан сал, Сандықтау, Целиноград, Шортанды аудандарының Ішкі істер бөлімдері
	Көкшетау станциясындағы желілік полиция бөлімі
	Ақмола облыстық адвокаттар алқасы
	Ақмола облысының Әділет департаменті
Ақтөбе облысы	
7	Ақтөбе облысының Полиция департаменті
	Ақтөбе қаласының Полиция басқармасы, Әйтеке би, Алға, Байғанин, Ырғыз, Қарғалы, Мөртөк, Мұғалжар, Темір, Ойыл, Қобда, Хромтау, Шалқар аудандарының Ішкі істер бөлімдері
	Ақтөбе станциясындағы желілік полиция бөлімі
	Қандыағаш станциясындағы желілік полиция бөлімі
	Ақтөбе облыстық адвокаттар алқасы
	Ақтөбе облысының Әділет департаменті
Алматы облысы	
8	Алматы облысының Полиция департаменті
	Қапшағай, Талдықорған, Текелі қалаларының Полиция басқармалары, Ақсу, Алакөл, Балқаш, Еңбекшіқазақ, Ескелді, Жамбыл, Іле, Қарасай, Қаратал, Кеген, Кербұлақ, Көксу, Панфилов, Райымбек, Сарқан, Талғар, Ұйғыр аудандарының Ішкі істер бөлімдері
	Достық станциясындағы желілік полиция бөлімі
	Үштөбе станциясындағы желілік полиция бөлімі
	Алматы облыстық адвокаттар алқасы
	Алматы облысының Әділет департаменті
Атырау облысы	
9	Атырау облысының Полиция департаменті

	Атырау қаласының Полиция басқармасы, Жылыой, Индер, Исатай, Қызылқоға, Құрманғазы, Мақат, Махамбет аудандарының Ішкі істер бөлімдері
	Атырау станциясындағы желілік полиция бөлімі
	Атырау облыстық адвокаттар алқасы
	Атырау облысының Әділет департаменті
Шығыс Қазақстан облысы	
10	Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті
	Өскемен, Семей, Риддер, Курчатов қалаларының Полиция басқармалары, Абай, Аягөз, Бесқарағай, Бородулиха, Глубокое, Жарма, Зайсан, Катонқарағай, Көкпекті, Күршім, Алтай, Тарбағатай, Ұлан, Үржар, Шемонаиха аудандарының Ішкі істер бөлімдері
	Өскемен - 1 станциясындағы желілік полиция бөлімі
	Семей станциясындағы желілік полиция бөлімі
	Шығыс Қазақстан облыстық адвокаттар алқасы
	Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаменті
Батыс Қазақстан облысы	
11	Батыс Қазақстан облысының Полиция департаменті
	Орал қаласының Полиция басқармасы, Ақжайық, Бөкей ордасы, Бөрлі, Жаңақала, Жәнібек, Зеленов, Казталов, Қаратөбе, Сырым, Тасқала, Теректі, Шыңғырлау аудандарының Ішкі істер бөлімдері
	Орал станциясындағы желілік полиция бөлімі
	Батыс Қазақстан облыстық адвокаттар алқасы
	Батыс Қазақстан облысының Әділет департаменті
Қарағанды облысы	
12	Қарағанды облысының Полиция департаменті
	Қарағанды, Балқаш, Жезқазған, Қаражал, Приозерск, Саран, Сәтпаев, Теміртау, Шахтинск қалаларының Полиция басқармалары, Абай, Ақтоғай, Бұқар Жырау, Жаңарқа, Қарқаралы, Нұра, Осакаров, Ұлытау, Шет аудандарының Ішкі істер бөлімдері
	Қарағанды-Сортировочная станциясындағы полицияның желілік бөлімі
	Қарағанды облыстық адвокаттар алқасы
	Қарағанды облысының Әділет департаменті
Қостанай облысы	
13	Қостанай облысының Полиция департаменті
	Қостанай, Арқалық, Лисаковск, Рудный қалаларының Полиция басқармалары, Алтынсарин, Амангелді, Әуликөл, Денисов, Жангелдин, Жітіқара, Қамысты, Қарабалық, Қарасу, Қостанай, Мендіқара, Наурызым, Сарыкөл, Тұран, Ұзынкөл, Федоров аудандарының Ішкі істер бөлімдері
	Қостанай станциясындағы полицияның желілік бөлімі
	Қостанай облыстық адвокаттар алқасы
	Қостанай облысының Әділет департаменті
Қызылорда облысы	
14	Қызылорда облысының Полиция департаменті

	Қызылорда, Байқоңыр қалаларының Полиция басқармалары, Арал, Жалағаш, Жаңақорған, Қазалы, Қармақшы, Сырдария, Шиелі аудандарының Ішкі істер бөлімдері
	Қызылорда станциясындағы полицияның желілік бөлімі
	Қызылорда облыстық адвокаттар алқасы
	Қызылорда облысының Әділет департаменті
Павлодар облысы	
15	Павлодар облысының Полиция департаменті
	Павлодар, Ақсу, Екібастұз қалаларының Полиция басқармалары, Ақтоғай, Баянауыл, Железин, Ертіс, Май, Павлодар, Аққулы, Тереккөл, Успен, Шарбақты аудандарының Ішкі істер бөлімдері
	Павлодар станциясындағы полицияның желілік бөлімі
	Павлодар облыстық адвокаттар алқасы
	Павлодар облысының Әділет департаменті
Солтүстік Қазақстан облысы	
16	Солтүстік Қазақстан облысының Полиция департаменті
	Петропавл қаласының Полиция басқармасы, Айыртау, Ақжар, Аққайың, Есіл, Жамбыл, Қызылжар, Мамлют, Ғабит Мүсірепов, Мағжан Жұмабаев, Шал ақын атындағы, Тайынша, Тимирязев, Уәлиханов аудандарының Ішкі істер бөлімдері
	Петропавл станциясындағы полицияның желілік бөлімі
	Солтүстік Қазақстан облыстық адвокаттар алқасы
	Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті
Түркістан облысы	
17	Түркістан облысының Полиция департаменті
	Түркістан, Арыс, Кентау қалаларының Полиция басқармалары, Жетісай, Қазығұрт, Келес, Мақтаарал, Ордабасы, Отырар, Бәйдібек, Сайрам, Сарыағаш, Созақ, Төле би, Түлкібас, Шардара аудандарының Ішкі істер бөлімдері
	Түркістан станциясындағы желілік полиция бөлімі
	Арыс-1 станциясындағы желілік полиция бөлімі
	Түркістан облыстық адвокаттар алқасы
	Түркістан облысының Әділет департаменті

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2021 жылғы « ___ » _____
№ _____
Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2021 жылғы « ___ » _____
№ _____
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2021 жылғы « ___ » _____
№ _____
бірлескен бұйрығына
2-қосымша

Жұмыс тобының тізімі:

Тіленшиев
Алан Төлебайұлы

ҚР ӘМ Тіркеу қызметі және заң қызметтерін
ұйымдастыру департаментінің директоры – (бұдан әрі –
ӘМ ТҚД) – жұмыс тобының жетекшісі

Әділов
Санжар Әскенович

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі (бұдан әрі –
ІІМ ТД) Тергеу департаментінің бастығы

Тоқтасынов
Ануарбек Есен-
Аманұлы

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының
Қылмыстық қудалау қызметінің Қылмыстық қудалау
сапасын талдау басқармасының аға прокуроры

Ахметов
Ерәділ Калидулұлы

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі
комитеті (бұдан әрі – Комитет) Ақпараттандыру және
цифрлық даму басқармасының бастығы

Дүйсебаев
Қанат Бақытқарымұлы

Комитеттің Ақпараттандыру және цифрлық даму
басқармасы Цифрлық даму бөлімінің бастығы

Қазбекова
Амина Сериковна

Комитеттің Ақпараттандыру және цифрлық даму
басқармасы Цифрлық даму жөніндегі аға прокуроры

Асанов
Ерлан Абылайұлы

ІІМ ТД АМІ жөніндегі аға тергеуші

Тағайбек
Әлішер Бегалдинұлы

ӘМ ТҚД заң қызметтерін ұйымдастыру және
лицензиялау басқармасының сарапшысы

Баужанова
Назым Берикканқызы

«Зерде холдингі» Ашық Қоғамының Жобаларды басқару
департаментінің бас менеджері

Әбдірайымов
Аслан Сабазұлы

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» Ашық Қоғамының
(бұдан әрі – «ҰАТ» АҚ) Интеграцияланған шешімдер
департаментінің директоры

Иманбаева
Анар Жәдігерқызы

«ҰАТ» АҚ бас менеджері

Жәкежанов
Абылай Сайранұлы

«ҰАТ» АҚ бас маманы